

# **Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру педагогтеріне арналған «Білім беру мазмұны сапасын арттыруда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту амалдары» біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1.Жалпы ереже**

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру педагогтеріне арналған «Білім беру мазмұны сапасын арттыруда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту амалдары» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептің пән мұғалімдерін оқытуға арналған.

2. Бұл біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беру ұйымдарының пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін білім берудің жаңа парадигмасы талаптарына сәйкес дамытуға бағытталған

## **2. Глоссарий**

Инклюзивті білім беру - мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Кәсіби құзыреттілік – мұғалімнің жеке қасиеттері мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, дағдылары мен тәжірибесінің ұштасуы.

Квалиметрия (латынша *qualitas* – «қандай, сапасы қандай», *metreo* – «өлшеу») – өнімнің адам қызметі процестерінің сапасын, өнім сапасын басқару мен стандарттауда қабылданатын шешімдерді негіздеу үшін қолданылатын, сандық бағалау әдістерін біріктіретін ғылым саласы

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Мониторинг (ағылш. *monitor* – қараушы, қадағалаушы, күні бұрын ескерту, сақтандыру) – қоршаған табиғи орта жағдайының антропогендік факторлардың әсер-ықпалынан өзгеруін болжау мен бағалаудың, бақылаудың кешенді жүйесі.

Функционалдық сауаттылық – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы.

Цифрлық педагогика – әртүрлі цифрлық технологияларды (компьютерлер, гаджеттер, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.) қамтитын және соның нәтижесінде білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін педагогикалық процесс.

Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Soft skills («икемді» дағдылар) — мамандандырылмаған, бірақ өмір мен мансап жолында маңызды рөл атқаратын дағдылар жиынтығы. Яғни, бір саламен шектеліп қалмайды. Олар субъективті және өлшеуге келмейді.

### 3. Бағдарлама тақырыптары

<p>Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері</p>	<p>1.1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алушылардың білім сапасын арттырудың тұжырымдамалық негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты</p> <p>1.2 Білім беру үдерісінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау</p>
<p>Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.</p>	<p>2.1. Пән бойынша ұзақ, орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларын талдау</p> <p>2.2. Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы негізінде бөлімдер бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу</p> <p>2.3 Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру</p> <p>2.4 PISA халықаралық зерттеулері тапсырмаларын пән мазмұнына кіріктіру</p> <p>2.5. Сабақта жобалап оқыту технологиясын қолдану</p> <p>2.6. Сабақта кейс технологиясын қолдану</p> <p>2.7. Білім сапасына қойылатын заманауи талаптар және оны бағалау критерийлері. Сабақта формативті бағалау процесін ұйымдастыру амалдары</p> <p>2.8. Квалиметриялық амал сабақта оқу нәтижелерін диагностикалау құралы ретінде</p> <p>2.9. 21-ші ғасырдағы дағдылар: Soft-skills, hard skills, meta skills, digital-skills және self skills</p> <p>2.10. LS технологиясының негіздері</p> <p>2.11. Білім беру мазмұнында рефлексия және кері байланыс орнатудың тиімді тәсілдері</p> <p>2.12. Педагог қызметкерлерді аттестацияның жаңа талаптарына сай мұғалімдердің теориялық білімдері мен</p>

	кәсіби ескерлігін жетілдіру 2.13. Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін анықтау (Қорытынды тестілеу)
Модуль 3. Педагогтердің IT- құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	3.1 Пән мұғалімінің медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру 3.2. Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар ортасын құру 3.3 Пән мұғалімдері цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру
Модуль 4. Вариативтік	4.1. «Ұрпақтар теориясы» негізінде Альфа ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу 4.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушылардың пәндік құндылықтарын қалыптастыру

#### 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер:

*Бағдарламаның мақсаты:* Жаңа білім парадигмасы талаптарына сәйкес оқыту мен оқудың тиімділігін арттыру үшін пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

*Бағдарламаның міндеттері:*

- пәнді оқытудың ұйымдастырушылық – мазмұндық және әдістемелік негіздері бойынша білімдерін өзектендіру;
- тұлғаға бағдарланған және іс-әрекеттік тәсілдерді қолдана отырып білім беру ортасын жобалау құзыреттілігін дамыту;
- оқу мен оқыту тәжірибесінде IT-технологиялар мен сандық ресурстарды пайдалану дағдыларын жетілдіру.

*Күтілетін нәтижелер:*

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

- білім берудің жаңа парадигмасы талаптарына сәйкес пәнді оқыту әдістемесі бойынша білімдерін көрсетеді;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоса алғанда, білім алушылардың дамушы когнитивтік саласын жобалайды;
- оқу мен оқыту тәжірибесінде IT-технологиялар мен сандық ресурстарды қолданады;
- оқушылардың рухани және ғылыми құндылықтарын арттырудағы икемді дағдылары қалыптасады.

#### 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модульдың атаулары	Тақырыптары	Қысқаша мазмұны
Модуль 1. Қазіргі білім беруді	1.1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алушылардың білім сапасын	Модульдің өзектілігі қазіргі білім беруді дамыту жағдайында білім беру

<p>дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері</p>	<p>арттырудың тұжырымдамалық негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру) 1.2 Білім беру үдерісінде білім алушыларды психологиялық–педагогикалық қолдау</p>	<p>ұйымдары пән мұғалімдерінің сапалы білім беру мазмұны бойынша білімі мен біліктілігін арттыру және табысты аттестаттау мәселелері бойынша нормативтік құжаттардағы өзгерістері және аспектілерді түсіндірумен сипатталады.</p>
<p><b>Модуль 2.</b> Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.</p>	<p>2.1. Пән бойынша ұзақ, орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларын талдау 2.2. Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы негізінде бөлімдер бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу 2.3 Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру 2.4 PISA халықаралық зерттеулері тапсырмаларын пән мазмұнына кіріктіру 2.5. Сабақта жобалап оқыту технологиясын қолдану 2.6. Сабақта кейс технологиясын қолдану 2.7. Білім сапасына қойылатын заманауи талаптар және оны бағалау критерийлері. Сабақта формативті бағалау процесін ұйымдастыру амалдары 2.8. Квалиметриялық амал сабақта оқу нәтижелерін диагностикалау құралы ретінде 2.9. 21-ші ғасырдағы дағдылар: Soft-skills, hard skills, meta skills, digital-skills және self skills 2.10. LS технологиясының негіздері 2.11. Білім беру мазмұнында рефлексия және кері байланыс орнатудың тиімді тәсілдері 2.12. Педагог қызметкерлерді аттестацияның жаңа талаптарына сай мұғалімдердің теориялық білімдері мен кәсіби ескерлігін жетілдіру 2.13. Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін анықтау (Қорытынды тестілеу)</p>	<p>Оқу мақсаттарын саралау, оқушы деңгейіне сай тапсырмалар ұйымдастыру туралы тұтас түсінік алуға, сапалы білім беру қағидасы негізінде оқу процесін жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға және пәнаралық байланысты, зерттеушілік және жобалық қызметті ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруына, сапаға бағытталған нәтижені шығарудағы тиімді кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыруға, икемді өмірлік дағдылар қалыптастыруға, оқушы «мендігін» ашудағы барлық интербелсенді және заманауи әдістерді тиімді қолданыста жоспарлауға, икемді дағдалыра арқылы және зерттеу, жобалау технологиялары, кейс құрастыру арқы ысапалаға бағытталған әрекеттерін саралауға, содан квалиметриялық өлшем жасауға мүмкіндік алады.</p>
<p><b>Модуль 3.</b> Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық</p>	<p>3.1 Пән мұғалімінің медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру 3.2. Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық</p>	<p>Дәріс материалы оқытушының ІТ-құзіреттіліктерін сапалы түрде жаңа деңгейде</p>

сауаттылығын дамыту	білім беру ресурстар ортасын құру 3.3 Пән мұғалімдері цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру	қалыптастыруға бағытталған (атап айтқанда, оқу процесінде компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын және виртуалды зертханаларды пайдалану және т.б.).
<b>Модуль 4.</b> Вариативтік	4.1. «Ұрпақтар теориясы» негізінде Альфа ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу 4.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушылардың пәндік құндылықтарын қалыптастыру	Бұл модуль тыңдаушыларға оқуда қиындық тудырған өзекті тақырыптарды зерделеуге мүмкіндік береді. Мұғалімдерге тақырыпты ашатын қосымша материалдар сындарлы кері байланыс беріледі. Тыңдаушыларға модель, ойтүйін жасауға ресурстар беріледі. Бағалау арқылы ортақ шешім жасалады.

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

Білім беру процесі 80-сағаттық оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады.

1) Күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курсының ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Күндізгі және қашықтықтан оқудың біраптальық курсы ұйымдастыру кезінде ОТЖ сағаттарының саны 2 есеге қысқарады.

2) Қашықтықтан оқу курсы осы Бағдарламадағы оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады және де екі оқу кезеңін құрайды: қашықтықтан (онлайн) - 30 сағат, өз бетімен оқу (оффлайн) – 50 сағат.

3) Білім беру процесін ұйымдастыруда тыңдаушылардың білімдерін бағалау мен бақылау мақсатында өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, шағын-сабақты презентациялау және қорытынды тестілеу өткізіледі.

4) Білім беру үдерісі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: пікірталас, «миға шабуыл», іскерлік ойындар, тренингтер, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау және т.б.

5) Ересектер аудиториясының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту барысында тыңдаушыларға қисынды қорытындылар жасауға, мазмұнды өз практикасына бейімдеуге және алған біліктерін аудиториялық практикалық сабақтар және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында сыннан өткізуге мүмкіндік беріледі.

б) Білім беру процесі аудиториялық сабақтар және өзіндік жұмыстарды жүргізуден тұрады. Бағдарламаның біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағытталуы қазіргі білімдік технологиялар және интербелсенді оқыту формаларын: кері байланыс; мәселелерді, күрделі сұрақтарды талқылау және пікірталас; шеберлік сабағы; «дөңгелек үстел» арқылы қол жеткізетін әрекеттік амалды білдіреді.

## 7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері

*Мақсаты:* орта білім беру педагогтері (пән мұғалімдерінің) қызметін реттейтін, соның ішінде сапалы білім беруге негізделген нормативті құжаттарды қолдану құзыреттіліктерін қалыптастырудағы негізгі бағыттар мен педагогикалық-психологиялық қолдаулармен танысу.

*Міндеттері:*

- өзінің кәсіби маман ретіндегі педагогикалық-психологиялық аспект пен қолдау түрлерін жетілдірудегі біліктіліктерін арттыру

- пән мұғалімдерінің қызметін реттейтін нормативтік құжаттардағы қолданыстағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алушылардың білім сапасын арттырудың тұжырымдамалық негіздерін қарастыру.

- білім беру ұйымдары пән мұғалімдері қызметін үйлестіретін нормативтік-құқықтық және заңнамалық құжаттар, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің жаңа тәсілдері қарастыру.

*Күтілетін нәтижелер:*

Модульді оқуды аяқтаған соң тыңдаушылар:

– орта білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделейді;

– орта білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінде балалардың даму деңгейін анықтайтын индикаторларға сәйкес балалардың білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын дамытудың жолдарын игереді;

– педагогикалық-психологиялық аспектілерін жетілдіреді;

– сапалы білім мен өлшем жасайды.

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
1.1 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алушылардың білім сапасын	Семинар 4 сағат	Модульдің өзектілігі қазіргі білім беруді дамыту жағдайында білім беру ұйымдары пән мұғалімдерінің сапалы білім беру мазмұны бойынша	орта білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделейді;

<p>арттырудың тұжырымдамалық негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру) 1.2 Білім беру үдерісінде білім алушыларды психологиялық–педагогикалық қолдау</p>	<p>Семинар 4 сағат</p>	<p>білімі мен біліктілігін арттыру және табысты аттестаттау мәселелері бойынша нормативтік құжаттардағы өзгерістері және аспектілерді түсіндірумен сипатталады.</p>	<p>орта білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінде балалардың даму деңгейін анықтайтын индикаторларға сәйкес балалардың білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын дамытудың жолдарын игереді; педагогикалық-психологиялық аспектілерін жетілдіреді; – сапалы білім мен өлшем жасайды.</p>
--	----------------------------	---	---

### Онлайн оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
<p>1.1 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алушылардың білім сапасын арттырудың тұжырымдамалық негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру) 1.2 Білім беру үдерісінде білім алушыларды психологиялық–педагогикалық қолдау</p>	<p>Семинар 2 сағат</p> <p>Семинар 2 сағат</p>	<p>Модульдің өзектілігі қазіргі білім беруді дамыту жағдайында білім беру ұйымдары пән мұғалімдерінің сапалы білім беру мазмұны бойынша білімі мен біліктілігін арттыру және табысты аттестаттау мәселелері бойынша нормативтік құжаттардағы өзгерістері және аспектілерді түсіндірумен сипатталады.</p>	<p>орта білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделейді; орта білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінде балалардың даму деңгейін анықтайтын индикаторларға сәйкес балалардың білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын дамытудың жолдарын игереді; педагогикалық-психологиялық аспектілерін жетілдіреді; – сапалы білім мен өлшем жасайды.</p>

## **Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру**

*Мақсаты:* пәндік оқытудың инновациялық әдістерін, соның ішінде саралауды пайдалана отырып, мұғалімдердің шеберліктерін дамыту, халықаралық бағалауда корреляция болмауда ішкі, және сыртқы (БЖБ, ТЖБ) бағалауларды тиімді жоспарлау, нәтиженің сапасын зерделей алу, халықаралық тәжірибелер негізінде сапаға жетелейтін икемді дағдыларды, сабақты зерттеу арқылы оқушы заманауи дағдыларын қалыптастыру.

### *Міндеттері:*

- ұлт жоспары, стандарт және үлгілік жоспар талаптарына сәйкес оқушылардың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып оқытуды негіздеу;

- сындарлы оқыту мен оқу амалдарын, әдістерін саралау, оқушының жоғары ойлау дағдысын қалыптастырудағы стратегияларды тиімді зерделеу;

- стандарт талаптарына сәйкес оқушылардың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, міндетті және мүмкіндік деңгейлермен жұмыс жасау қабілетін шыңдау;

- стандартқа сай пән бойынша рухани тәрбиелік, ғылыми-зерттеу көшбасшылық дағдыларын қалыптастыруда білім алушының сапаға бағытталған күтілетін нәтижеге қол жеткізуінде өз құзыреттілігін қалыптастыру.

### *Күтілетін нәтижелер:*

Модульді оқуды аяқтаған соң тыңдаушылар:

- пән бойынша оқытудың инновациялық әдістерін, соның ішінде саралауды қолдану тәсілдерін біледі;

- стандарт талаптарына сәйкес оқушылардың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, міндетті және мүмкіндік деңгейлермен жұмыс жасауды меңгереді;

- тәрбиелік, көшбасшылық қызметтерді тиімді ұйымдастыру жолдарын меңгере отырып, білім алушының күтілетін нәтижеге қол жеткізу әдістерін үдерісте қолдана алады.

<b>Модуль тақырыптары</b>	<b>Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны</b>	<b>Негізгі мазмұн</b>	<b>Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)</b>
2.1. Пән бойынша ұзақ, орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларын талдау	Семинар 2 сағат Тәжірибелік сабақ 2 сағат	Оқу мақсаттарын саралау, оқушы деңгейіне сай тапсырмалар ұйымдастыру туралы тұтас түсінік алуға, сапалы білім беру қағидасы негізінде оқу процесін жоспарлау дағдыларын	- пән бойынша оқытудың инновациялық әдістерін, соның ішінде саралауды қолдану тәсілдерін біледі;
2.2. Оқыту мақсаттарын	Семинар		



<p>диагностикалау. Б.Блум таксономиясы негізінде бөлімдер бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу 2.3 Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру 2.4 PISA халықаралық зерттеулері тапсырмаларын пән мазмұнына кіріктіру 2.5. Сабақта жобалап оқыту технологиясын қолдану</p>	<p>2 сағат Тәжірибелік сабақ 2 сағат  Тәжірибелік сабақ 4 сағат  Тәжірибелік сабақ 4 сағат</p>	<p>қалыптастыруға және пәнаралық байланысты, зерттеушілік және жобалық қызметті ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруына, сапаға бағытталған нәтижені шығарудағы тиімді кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыруға, икемді өмірлік дағдылар қалыптастыруға, оқушы «мендігін» ашудағы барлық интербелсенді және заманауи әдістерді тиімді қолданыста жсопарлауға, икемді дағдалыра арқылы және зерттеу, жобалау технологиялары, кейс құрастыру арқы ысапалаға бағытталған әрекеттерін саралауға, содан квалиметриялық өлшем жасауға мүмкіндік алады.</p>	<p>- стандарт талаптарына сәйкес оқушылардың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, міндетті және мүмкіндік деңгейлермен жұмыс жасауды меңгереді; - тәрбиелік, көшбасшылық қызметтерді тиімді ұйымдастыру жолдарын меңгере отырып, білім алушының күтілетін нәтижеге қол жеткізу әдістерін үдерісте қолдана алады.</p>
<p>2.6. Сабақта кейс технологиясын қолдану</p>	<p>Семинар 2 сағат Тренинг 2 сағат</p>	<p>Семинар 2 сағат Тренинг 2 сағат</p>	
<p>2.7. Білім сапасына қойылатын заманауи талаптар және оны бағалау критерийлері. Сабақта формативті бағалау процесін ұйымдастыру амалдары</p>	<p>Тәжірибелік сабақ 4 сағат  Тренинг 4 сағат</p>	<p>Тәжірибелік сабақ 4 сағат  Тренинг 4 сағат</p>	
<p>2.8. Квалиметриялық амал сабақта оқу нәтижелерін диагностикалау құралы ретінде</p>			
<p>2.9. 21-ші ғасырдағы дағдылар: Soft-skills, hard skills, meta skills, digital-skills және self skills</p>	<p>Семинар 2 сағат</p>	<p>Семинар 2 сағат</p>	
<p>2.10. LS технологиясының негіздері</p>	<p>Тренинг 4 сағат</p>	<p>Тренинг 4 сағат</p>	
<p>2.11. Білім беру мазмұнында рефлексия және кері байланыс орнатудың тиімді тәсілдері</p>	<p>Жоба 4 сағат</p>	<p>Жоба 4 сағат</p>	
<p>2.12. Педагог</p>			

<p>қызметкерлерді аттестацияның жаңа талаптарына сай мұғалімдердің теориялық білімдері мен кәсіби ескерлігін жетілдіру</p> <p>2.13. Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін анықтау (Қорытынды тестілеу)</p>	Тренинг 4 сағат	4	
	Тренинг 2 сағат	2	
	КТС сағат	6	
	Тест сағат	2	

### Онлайн оқыту

Модуль тақырыптары	Сабак түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
2.1. Пән бойынша ұзақ, орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларын талдау	Семинар 2 сағат Өзіндік жұмыс 2 сағат	Оқу мақсаттарын саралау, оқушы деңгейіне сай тапсырмалар ұйымдастыру туралы тұтас түсінік алуға, сапалы білім беру қағидасы негізінде оқу процесін жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға және пәнаралық байланысты, зерттеушілік және жобалық қызметті ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруына, сапаға бағытталған нәтижені	- пән бойынша оқытудың инновациялық әдістерін, соның ішінде саралауды қолдану тәсілдерін біледі; - стандарт талаптарына сәйкес оқушылардың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, міндетті және мүмкіндік деңгейлермен жұмыс жасауды меңгереді; - тәрбиелік,
2.2. Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы негізінде бөлімдер бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу	Семинар 2 сағат Өзіндік жұмыс 2 сағат		
2.3 Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру	Өзіндік жұмыс 4 сағат		
2.4 PISA халықаралық			

зерттеулері тапсырмаларын пән мазмұнына кіріктіру 2.5. Сабақта жобалап оқыту технологиясын қолдану	Өзіндік жұмыс 4 сағат	шығарудағы тиімді кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыруға, икемді өмірлік дағдылар қалыптастыруға, оқушы «мендігін» ашудағы барлық интербелсенді және заманауи әдістерді тиімді қолданыста жсопарлауға, икемді дағдалыра арқылы және зерттеу, жобалау технологиялары, кейс құрастыру арқы ысапалаға бағытталған әрекеттерін саралауға, содан квалиметриялық өлшем жасауға мүмкіндік алады.	көшбасшылық қызметтерді тиімді ұйымдастыру жолдарын меңгере отырып, білім алушының күтілетін нәтижеге қол жеткізу әдістерін үдерісте қолдана алады.
2.6. Сабақта кейс технологиясын қолдану	Семинар 2 сағат		
2.7. Білім сапасына қойылатын заманауи талаптар және оны бағалау критерийлері. Сабақта формативті бағалау процесін ұйымдастыру амалдары	Тренинг 2 сағат		
2.8. Квалиметриялық амал сабақта оқу нәтижелерін диагностикалау құралы ретінде	Өзіндік жұмыс 4 сағат		
2.9. 21-ші ғасырдағы дағдылар: Soft-skills, hard skills, meta skills, digital- skills және self skills	Тренинг 4 сағат		
2.10. LS технологиясының негіздері	Семинар 2 сағат		
2.11. Білім беру мазмұнында рефлексия және кері байланыс орнатудың тимді тәсілдері	Тренинг 4 сағат		
2.12. Педагог қызметкерлерді аттестацияның жаңа талаптарына сай мұғалімдердің теориялық білімдері мен кәсіби ескерлігін жетілдіру	Жоба 4 сағат		
2.13. Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін анықтау (Қорытынды тестілеу)	Тренинг 2 сағат		
	Өзіндік жұмыс 6 сағат		

	Тест сағат	2		
--	------------	---	--	--

### Модуль 3. Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту

*Мақсаты:* пән мұғалімдерінің АКТ саласы бойынша құзыреттіліктерін арттыру.

*Міндеттері:*

- оқушының жас ерекшелігіне сай ІТ- ресурстарын қолдана білу;
- мектепте дәстүрлі және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін білім беру интернет-қызметтерінің мүмкіндіктерін зерттеу;
- мұғалімдердің ІТ құзыреттіліктерін арттыру.

*Күтілетін нәтижелер:*

Модульді оқуды аяқтаған соң тыңдаушылар:

- сандық білім берудің артықшылықтарын біледі, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс істей біледі;
- пәндік оқыту процесінде күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану дағдыларын меңгереді (гугл-форма, электронды оқулық);
- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін сервистер мен ресурстарды (виртуальды зертхана, интернет-ресурс) таңдай алады және сабақ мақсатына сай қолдана алады.

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
3.1 Пән мұғалімінің медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру	Тәжірибелік сабақ 4 сағат  Семинар 2 сағат Тәжірибелік сабақ 4 сағат	Дәріс материалы оқытушының ІТ-құзыреттіліктерін сапалы түрде жаңа деңгейде қалыптастыруға бағытталған (атап айтқанда, оқу процесінде компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын және виртуалды зертханаларды пайдалану және т.б.).	- сандық білім берудің артықшылықтарын біледі, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс істей біледі; - пәндік оқыту процесінде күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану дағдыларын меңгереді (гугл-форма, электронды оқулық); - қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін сервистер мен
3.2. Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар ортасын құру	Семинар 2 сағат Тәжірибелік сабақ 4 сағат		

3.3 Пән мұғалімдері цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру			ресурстарды (виртуальды зертхана, интернет-ресурс) таңдай алады және сабақ мақсатына сай қолдана алады.
--	--	--	---

### Онлайн оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
3.1 Пән мұғалімінің медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру  3.2 Пән мұғалімдері цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру	Өзіндік жұмыс 4 сағат  Семинар 2 сағат Өзіндік жұмыс 4 сағат	Дәріс материалы оқытушының ІТ-қүзіреттіліктерін сапалы түрде жаңа деңгейде қалыптастыруға бағытталған (атап айтқанда, оқу процесінде компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын және виртуалды зертханаларды пайдалану және т.б.).	- сандық білім берудің артықшылықтарын біледі, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс істей біледі; - пәндік оқыту процесінде күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану дағдыларын меңгереді (гугл-форма, электронды оқулық); - қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін сервистер мен ресурстарды (виртуальды зертхана, интернет-ресурс) таңдай алады және сабақ мақсатына сай қолдана алады.

### Модуль 4. Вариативтік

*Мақсаты:* курс бойынша тыңдаушылардың қиындықтарын анықтау, туындаған сұрақтарға жауап іздеу, заманауи оқушыларды қалай оқыту керектігін зерделеу, цифрлық оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру

*Міндеттері:*

- тыңдаушылармен диалог жүргізе отырып, заманауи оқушыларды оқытудағы қиындықтарды анықтау, түсініксіз сұрақтарды анықтау және шешімін табу;

- соның негізінде альфа-ұрпақтармен жұмысты жобалау;

- Альфа (цифрлы) ұрпақтарда рухани құндылықтарды қалыптасыру болмысын әзірлеу.

*Күтілетін нәтижелер:*

Модульді оқуды аяқтаған соң тыңдаушылар:

- оқушының білім сапасын көтеру жолдарын біледі;

- кәсіби қызметтегі проблемаларды анықтайды және оларды шешу жолдарын меңгереді;

- зерттелетін материалды талдай алады, жинақтай алады, зерттеуден шыққан қорытындыны қолдана алады.

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
4.1. «Ұрпақтар теориясы» негізінде Альфа ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу 4.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушылардың пәндік құндылықтарын қалыптастыру	Таңдау дәрісі 4 сағат	Бұл модуль тыңдаушыларға оқуда қиындық тудырған өзекті тақырыптарды зерделеуге мүмкіндік береді. Мұғалімдерге тақырыпты ашатын қосымша материалдар сындарлы кері байланыс беріледі. Тыңдаушыларға модель, ойтүйін жасауға ресурстар беріледі. Бағалау арқылы ортақ шешім жасалады.	- оқушының білім сапасын көтеру жолдарын біледі; - кәсіби қызметтегі проблемаларды анықтайды және оларды шешу жолдарын меңгереді; - зерттелетін материалды талдай алады, жинақтай алады, зерттеуден шыққан қорытындыны қолдана алады.

### Онлайн оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)

	<b>және сағат саны</b>		
4.1. «Ұрпақтар теориясы» негізінде Альфа ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу 4.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушылардың пәндік құндылықтарын қалыптастыру	Таңдау дәрісі 4 сағат	Бұл модуль тыңдаушыларға оқуда қиындық тудырған өзекті тақырыптарды зерделеуге мүмкіндік береді. Мұғалімдерге тақырыпты ашатын қосымша материалдар сындарлы кері байланыс беріледі. Тыңдаушыларға модель, ойтүйін жасауға ресурстар беріледі. Бағалау арқылы ортақ шешім жасалады.	- оқушының білім сапасын көтеру жолдарын біледі; - кәсіби қызметтегі проблемаларды анықтайды және оларды шешу жолдарын меңгереді; - зерттелетін материалды талдай алады, жинақтай алады, зерттеуден шыққан қорытындыны қолдана алады.

### Курстың оқу-тақырыптық жоспары

р/с	Тақырыптар	Дәрістер	Таңдау дәрісі	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	КТС	Жоба/ шағын сабақ қорғау	Тест	Барлығы
<b>1</b>	<b>Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері</b>	<b>4</b>		<b>4</b>					<b>8</b>
1.1	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алушылардың білім сапасын арттырудың тұжырымдамалық негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты	2		2					4
1.2	Білім беру үдерісінде білім алушыларды психологиялық– педагогикалық қолдау	2		2					4
<b>2</b>	<b>Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.</b>	<b>20</b>		<b>10</b>	<b>8</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>50</b>
2.1	Пән бойынша ұзақ, орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларын талдау	2							2
2.2	Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы негізінде бөлімдер бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу	2		2					4

2.3	Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру	2		2					4
2.4	PISA халықаралық зерттеулері тапсырмаларын пән мазмұнына кіріктіру	2		2					4
2.5	Сабақта жобалап оқыту технологиясын қолдану	2			2				4
2.6	Сабақта кейс технологиясын қолдану	2		2					4
2.7	Білім сапасына қойылатын заманауи талаптар және оны бағалау критерийлері. Сабақта формативті бағалау процесін ұйымдастыру амалдары.	2			2				4
2.8	Квалиметриялық амал география сабағында оқу нәтижелерін диагностикалау құралы ретінде.	2		2					4
2.9	21-ші ғасырдағы дағдылар: Soft-skills, hard skills, meta skills, digital-skills және self skills						4		4
2.10	LS технологиясының негіздері	2			2				4
2.11	Білім беру мазмұнында рефлексия және кері байланыс орнатудың тиімді тәсілдері	2			2				4
2.12	Педагог қызметкерлерді аттестацияның жаңа талаптарына сай мұғалімдердің теориялық білімдері мен кәсіби ескерлігін жетілдіру						6		8
2.13	Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін анықтау (Қорытынды тестілеу)							2	2
<b>3</b>	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>6</b>		<b>10</b>					<b>16</b>
3.1	Пән мұғалімінің медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру	2		4					6
3.2	Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар ортасын құру	2		4					6
3.3	Пән мұғалімдері цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру	2		2					4
<b>4</b>	<b>Вариативтік модуль</b>		<b>6</b>						<b>6</b>
4.1	«Ұрпақтар теориясы» негізінде Альфа ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу		4						4
4.2	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушылардың пәндік құндылықтарын қалыптастыру жолдары		2						2
	<b>Барлығы</b>	<b>30</b>	<b>6</b>	<b>24</b>	<b>8</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

### Онлайн оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспары

р/с	Тақырыптар	Вебинар	Демо-сабақтың презентациясы / Жобаны қорғау	Тестілеу	Тыңдаушыдың өз бетінше оқуы	Барлығы (сағат)



<b>1</b>	<b>Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері</b>	<b>2</b>			<b>2</b>	<b>4</b>
1.1	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алушылардың білім сапасын арттырудың тұжырымдамалық негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты	1			1	2
1.2	Білім беру үдерісінде білім алушыларды психологиялық–педагогикалық қолдау	1			1	2
<b>2</b>	<b>Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.</b>	<b>22</b>	<b>8</b>	<b>2</b>	<b>32</b>	<b>64</b>
2.1	Пән бойынша ұзақ, орта және қысқа мерзімді оқу жоспарларын талдау	2			2	4
2.2	Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы негізінде бөлімдер бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу	2			4	6
2.3	Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру		8			8
2.4	PISA халықаралық зерттеулері тапсырмаларын пән мазмұнына кіріктіру	2			4	6
2.5	Сабақта жобалап оқыту технологиясын қолдану	2			2	4
2.6	Сабақта кейс технологиясын қолдану	2			4	6
2.7	Білім сапасына қойылатын заманауи талаптар және оны бағалау критерийлері. Сабақта формативті бағалау процесін ұйымдастыру амалдары.	2			4	6
2.8	Квалиметриялық амал география сабағында оқу нәтижелерін диагностикалау құралы ретінде.	2			4	6
2.9	21-ші ғасырдағы дағдылар: Soft-skills, hard skills, meta skills, digital-skills және self skills	2			4	6
2.10	LS технологиясының негіздері	2			2	4
2.11	Білім беру мазмұнында рефлексия және кері байланыс орнатудың тиімді тәсілдері	2			2	4
2.12	Педагог қызметкерлерді аттестацияның жаңа талаптарына сай мұғалімдердің теориялық білімдері мен кәсіби ескерлігін жетілдіру			2		2
2.13	Курс тыңдаушыларының қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін анықтау (Қорытынды тестілеу)	2			2	4
<b>3</b>	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>4</b>			<b>4</b>	<b>8</b>
3.1	Пән мұғалімінің медиа-ақпараттық сауаттылығын (Google қосымшасымен жұмыс) жетілдіру	2			2	4
3.2	Пән мұғалімдері цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру	2			2	4
<b>4</b>	<b>Вариативтік модуль</b>	<b>2</b>			<b>2</b>	<b>4</b>
4.1	«Ұрпақтар теориясы» негізінде Альфа ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу	1			1	2
4.2	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушылардың пәндік құндылықтарын қалыптастыру жолдары	1			1	2
	<b>Барлығы</b>	<b>30</b>	<b>8</b>	<b>2</b>	<b>40</b>	<b>80</b>

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Ықшам-сабақ/жоба таныстырылымының құрылымы. Педагогтар сабақты жоспарлайды және жаңартылған білім мазмұнын ескере отырып, оқытуды жоспарлау бойынша іс-әрекеттер ретінде әртүрлі кезеңдерде сабақ үзіндісін тапсырады.

### **Ықшам-сабақты жоспарлауға қойылатын талаптар**

*Мақсаты:* оқу пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық ұстанымдарды, критериалды бағалау жүйесін түсіну мен қолдануды бағалау.

### **Оқу мақсатына сай болуды бағалау:**

- ықшам-сабақтың мақсаты оқу мақсатымен келісілген;
- пән ерекшелігіне бағдарлануды бағалау;
- мақсаттар SMART форматында тұжырымдалған.
- оқыту мен тәрбиелеуде SMART - мақсат қою бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру, осы мақсаттарды , күтілетін нәтижелер мен индикаторларды күтілетін нәтижелерге байланыстыра білу.

### *Міндеттері:*

1. Сабақтың мақсаттарын қою мәселесі бойынша мұғалімдердің білімі мен практикалық дағдыларының деңгейін анықтау.

2. Қазіргі мектепте оқыту мен оқытуға деген көзқарастардың өзгеруі жағдайында бұл мәселенің өзектілігін көрсету .

3. Қарастырылатын тақырып бойынша мектеп педагогтарының кәсіби деңгейін көтеру және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ету.

4. Мұғалімдердің сабақтың әр кезеңі, әр минуты негізгі мақсатқа жоспарланған нәтижеге қол жеткізуге бағынуы керек екенін түсінуіне ықпал ету.

### *Білім алушылардың жетістіктерін қолдау үшін формативтік бағалау:*

- оқу пәнінің тақырыбына сәйкес оқудың белсенді әдістерін қолдану;
- сабақ мақсатына жетуге ықпал ететін тәсілдер;
- оқу процесінде білім беру субъектілерін тартуға бағытталған әдістер мен тәсілдер.

### *Саралау тәсілдерін таңдау:*

- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған сабақтарды әзірлеу;
- тапсырмаларды саралау тәсілдері.

### *Бағалау критерийлері:*

0 - «дәлелдер көрсетілмеген», 1 – «дәлелдер әлсіз», 2 – «дәлелдер күшті», 3 – «дәлелдер өте күшті» (Әрбір критерий бойынша ең жоғары бал – 3).  
Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 мин.

Бағалау критерийлері			
<p>Сабақтың мақсаты</p> <p>- сабақтың мақсаты оқу мақсатымен келісілген;</p> <p>- сабақтың мақсаты пән ерекшелігіне бағдарланған;</p> <p>- мақсаттар білім алушылар қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында тұжырымдалған</p>	<p>Оқудың белсенді тәсілдері</p> <p>- тәсілдерді таңдау пән бойынша тақырып мазмұнымен анықталған;</p> <p>- тәсілдер оқу мақсатына жетуге ықпал етеді;</p> <p>- тәсілдер оқу процесінде білім алушыларды тартуға бағытталған.</p>	<p>Саралау тәсілдері</p> <p>- тапсырма білім алушылар қажеттіліктерін ескере отырып сараланады;</p> <p>- саралаудың әртүрлі тәсілдері жоспарланады (тапсырма, дереккөздер, білім алушыларды қолдау және басқалар);</p> <p>саралау тәсілдері әрбір білім алуымен мақсаттарға жетуге ықпал етеді;</p>	<p>Критериалдық бағалау</p> <p>- бағалау оқу мақсатына сай келеді;</p> <p>- формативтік бағалау оқуды қолдайды;</p> <p>- бағалау критерийлері пайдаланылады</p>

### Жоба құрылымы

Бір жобалық тақырыппен 4-5 адамнан тұратын топ жұмыс істейді. Әрбір топ өз жобасын даярлайды.

Жоба мынадай құрылымдық құрауыштардан тұрады:

1) Бастапқы бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің(лердің) ТАӘ, жылы, қала көрсетіледі).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша көрсетіледі).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың, пайдаланылған дереккөздердің мақсаттары мен міндеттері, негізгі проблемалардың тұжырымдалуы мен қысқаша сипаттамасы беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған проблема ашылады, дереккөздер материалдарында оны шешу жолдары және бұрыннан бар тиімді практикада бақыланады, дәлелді ұстаным көрсетіледі, оған әртүрлі көзқарас сипатталады және оларға автордың қатынасы білдіріледі).

5) Қорытынды (жобаның ұсынылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің негізгі қорытындысы шығарылады, жалпыланған қорытындылар жасалады немесе зерттеу нәтижелірен нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған дереккөздер тізімі.

7) Қосымшалар (қажет жағдайда).

8) Слайд түріндегі таныстырылым.

«Оқу нәтижелерін бағалау» бөлімінде бағалаудың критерийлері мен құралдары көрсетілген.

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау: өздік жұмыс, жобалық жұмыстың немесе ықшам-сабақтың (ықшам-шаралардың) таныстырылымы және қорытынды тестілеу).

**Жобаны бағалау критерийлері:**

- 1) Теориялық және практикалық сабақтардың көлемі
- 2) Тақырыптың жаңашылдығы мен өзектілігі
- 3) Креативтілік.
- 4) Нақты проблемаларды шешу үшін білімді пайдалана білу.
- 5) Өз мәтіні мен таныстырылымын тақырыпқа сай және қисынды құра білу.
- 6) Шешендік қабілет.

**Қорытынды тестілеу**

№	Модульдердің атауы	Сағаттар саны	Сұрақтар саны
1	Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері	8	4
2	Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.	52	20
3	Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	16	6
4	Вариативті модуль	4	-
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>80</b>	<b>30</b>

**Бағалауға балдарды ауыстыру шкаласы**

Бағалау	Орындаудың %-дағы ауқымы	Баллдар
5	90%-100%	27-30
4	75-89%	23-26
3	50-74%	15-22
2	50% жуық	20 баллдан кем емес

**9. Курстан кейінгі қолдау**

1) Курстан кейінгі қолдау жүйесінде бірінші кезеңде білім беру ұйымдарының басшыларын сүйемелдеу жөніндегі қызмет куратордың (оқытушының) онлайн консультациялар курсы, онлайн іс-шараларды, әдістемелік десанттарды әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистер (Google – Duo, Google Meet, Hangouts және т. б.), Интернет-платформалар қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2) Қолдаудың екінші кезеңінде курс кураторы (оқытушысы) электрондық пошта, мессенджер, әлеуметтік желілер арқылы білім беру ұйымдары педагогтарының жұмыс тәжірибесі зерттеледі. Қажеттілік туындаған жағдайда курс кураторы(оқытушысы) оларды қажетті әдістемелік және сандық ресурстармен қамтамасыз етеді.

3) Курстан кейінгі қолдаудың үшінші кезеңінде курс кураторы (оқытушысы) педагогтердің кәсіби өсуін келесідей зерделейді.

- білім беру ұйымы педагогтерінің әдістемелік, педагогикалық кеңеске (мектеп, қалалық, ауданы деңгейіндегі) қатысуы;

- семинар, вебинар, дөңгелек үстелдерде (мектеп, қалалық, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі) баяндама жасауы;

- кәсіби байқауларға (мектеп ішіндегі, қалалық, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі) қатысу;

- сараптамалық топ құрамына (жұмыс және т.б.) қатысуы;

- облыстық, республикалық басылымдар, БАҚ мақалалар жариялауы (мүмкін, авторлық бірлестікте);

## 10. Ұсынылатын әдебиеттер

- 1) ҚР Президенті Т-Ж.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауы. 2021 жылғы 01 қыркүйек.
- 2) ҚР Президенті Т-Ж.К.Тоқаевтың «Ұлттық Жоспар – 2025 және халықаралық тәжірибе» 2021 жыл.
- 3) Назарбаев Н.Ә. «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары. Астана, 2015 ж.
- 4) ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2010.
- 5) ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, 27 шілде 2007 ж.
- 6) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III . ( 24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).
- 7) Қазақстан Республикасының шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдасы. – Алматы: Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, 2010 ж.
- 8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі// Ресми басылым. – Астана, 2012.
- 9) Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы
- 10) Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген.
- 11) «Балабақша-мектеп-колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді үздіксіз оқыту» стандарты. - Астана, 2014
- 12) Құдайбергенова К.С. Педагогикалық квалиметрия. Оқулық. Алматы, «Дарын», 2022ж
- 13) Абдиев К.С. Национальная система оценки качества образования Республики Казахстан: описание инфраструктуры и проводимых оценочных мероприятий
- 14) Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. Пособие. /Под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. - 56 с.
- 15) Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ.Астана.-2015
- 16) Құдайбергенова К.С. Мектептегі іс-әрекетті зерттеу. - Әдістемелік құрал. - Алматы, 2013. 48-бет